Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

«Бекітілді»
Құрылтайшылар кеңесі отырысында
хаттама №1 «08» қазан 2026 ж

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің 2025–2026 оқу жылындағы қызметі туралы
ЕСЕП

Орал қаласы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің 2025-2026 оқу жылында атқарған жұмысы туралы есеп

1. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

1.1 Білім беру бағдарламаларының тиімді портфелін қалыптастыру

Университеттің білім беру бағдарламалары өңірдің басым экономикалық салаларының қажеттіліктеріне сай әзірленді. Академиялық комитеттердің жүйелі жұмысы арқылы олардың мазмұны еңбек нарығының сұраныстары мен мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес тұрақты түрде жаңартылып тұрады.

Есепті кезеңде Университет 43 бакалавриат/специалитет білім беру бағдарламалары бойынша, оның ішінде 3 инновациялық, 3 бірлескен ББ, 13 магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша, 1 ББ PR0011 педагогикалық қайта даярлау бағдарламасы бойынша білім беру қызметін жүзеге асырды.

2025-2026 о.ж. білім беру бағдарламалары портфелін оңтайландыру мақсатында 4 білім беру бағдарламалары Реестрден шығарылды, білім беру бағдарламаларын (ББ) оңтайландыру жөніндегі Жол картасы бекітілді. 2027 жылы еңбек нарығының сұранысына бейімделу және білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында бірқатар бағдарламаларды трансформациялау жоспарлануда. Атап айтсақ 6В06104 Есептеу техникасы және ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасы – Computer Science білім беру бағдарламасына; 6В01201 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – Мектепке дейінгі білім беру және логопедия білім беру бағдарламасына; 6В07501 Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша) – Цифрлық стандарттау және сертификаттау білім беру бағдарламасына; 6В04106 Қаржы – Бизнес-аналитика және қаржылық инжиниринг білім беру бағдарламасына трансформацияланады. 6В04104 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша 2026 жылы білім алушыларды қабылдау жүргізілмейді.

Үздіксіз және бейресми білім беру бағытында Педагогикалық қайта даярлау бағдарламасы, ҚР БҒМ Орта білім комитетінің сараптамасынан өткен 3 біліктілікті арттыру бағдарламасы, кәсіби сертификаттауға арналған 2 курс және Күміс университеті жұмыс істеуде.

Жалпы алғанда, Есепті кезеңде университетте білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту, кәсіби стандарттарға сәйкестендіру, жұмыс берушілермен өзара байланысты күшейту және еңбек нарығының сұранысына бейімдеу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. Білім беру бағдарламаларын оңтайландыру аясында сұранысы төмен және бәсекеге қабілеттілігі жеткіліксіз бағдарламаларды трансформациялау немесе кезең-кезеңімен тоқтату бойынша шешімдер қабылданды.

Жасанды интеллект, цифрлық технологиялар, Big Data және бизнес-аналитика бағытындағы пәндерді білім беру бағдарламаларының мазмұнына енгізуді кеңейту қажет. Жасанды интеллект технологияларын пайдалану мәдениеті мен құзыреттерін қалыптастыру мақсатында жасанды интеллектке қатысты контент барлық пәндердің силлабустарында қамтылуы тиіс. МҒЖБМ талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларына микробіліктіліктерді интеграциялау арқылы олардың қолжетімділігі мен қолданылу аясын кеңейту қажет

1.2 Білім алушылар контингенті

2026 жылдың 01 қыркүйек жағдай бойынша университеттің жалпы контингенті 13201 **адамды** құрады. Оның ішінде: – 13034 **студент (4051**-сі орта білім базасында, 8983-сы ТжКБ және ЖОО базасында), – 167 **магистрант**.

Таблица 1. 01.09.2026 ж контингент

Жалпы саны	Барлығы	Орта білім базасында	ТжКБ және ЖОО базасында	Магистранттар	Мемлекет. Білім беру грант.бойынша	ЖАО грант.бойынша	«Қазақстан халқына» гранттары бойынша	«KAZENERG» қауымдастығының грант.бойынша	Кәсіпорындардың тапсырысы бойынша
13201	13034	4051	8983	167	820	13	22	5	71

Мемлекеттік білім грантымен оқитындар саны 2022 жылғы **26 адамнан** 2026 жылы **820 адамға дейін өсіп**, алғаш рет БҚО әкиматының гранттары алынды. Кәсіпорындар гранттары да 41-ден 71 адамға дейін артты. Контингенттің жалпы саны тұрақты өсу қарқынын көрсетеді

Кесте 2. Контингент динамикасы 2022–2025 жж.

	2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы		2025-2026 оқу жылы		2025–2026 оқу жылының 2023–2024о.ж. салыстырғандағы өзгерісі	
	барлығы	грант	барлығы	грант	барлығы	грант	барлығы	грант
студенттер	10604	92	10432	308	10808	601	+204	+509
магистранттар	334	5	501	6	142	12	-192	+7
барлығы	10938	97	10933	314	10950	613	+12	+516

2025 жылғы **қабылдау науқанының қорытындысы** бойынша: 2022 жылмен салыстырғанда 2025 жылы қабылданғандардың саны **+1038 адамға** өсті.

	2022-2023 оқу. жылд	2023-2024 оқу. жылд	2024-2025 оқу. жылд	2025-2026 оқу. жылд	2025 ж-н 2022 ж қатынасы
студенттер	3095	3054	2904	4099	+1004
магистранттар	24	38	35	58	+34
барлығы	3119	3092	2939	4157	+1038

Жыл басында шетелдік студенттер (Ресей, Өзбекстан, Түрікменстан, Армения, Әзербайжан, Украина, Қырғызстан) саны да өсу динамикасын

көрсетті, дегенмен жыл сонында 112 шетелдік азаматтан тек 41 шетелдік студент білім алады, бұл жалпы контингенттің 0,47%-ын құрайды.

Контингенттің тұрақты өсуі, грант иегерлері санының ұлғаюы білім сапасының жақсарып, бізге келетін абитуриенттердің академиялық деңгейінің жоғарылағанын дәлелдейді.

жалпы үлгерім %		білім сапасы %	
2024-2025	2025-2026	2024-2025	2025-2026
92,8	92,3	69,1	78,7

2025–2026 оқу жылының емтихан сессиясында жалпы үлгерім мен білім сапасының өсуі кафедралардың тұрақты жұмысын және студенттердің бағалау форматтарына тиімді бейімделгенін көрсетеді.

Оқу жылы	Түлектер саны	оқу үлгерімі %	білім сапасы %	Үздік диплом
Студенттер				
2024-2025 о.ж.	3697	100	73,5	98
2025-2026 о.ж.	2502	100	75,5	73
Магистранттар				
2024-2025 о.ж.	68	100	83,2	
2025-2026 о.ж.	78	100	85	

Қорытынды аттестаттау бойынша бітірушілер мен үздік дипломмен аяқтаған студенттердің саны артты, жалпы үлгерім 100 % деңгейінде тұрақты сақталып отыр. Бұл оқу сапасының тұрақты өсіп келе жатқанын көрсетеді.

Қорытынды аттестаттау комиссияларына жұмыс берушілер өкілдерін кеңінен тартып отырмыз.

Сонымен қатар, Ұлттық рейтинг көрсеткіштерін жақсарту мақсатында «Алтын белгі» иегерлерін, Республикалық және халықаралық пәндік олимпиадалардың, ғылыми, шығармашылық және спорттық байқаулардың жүлдегерлері, сондай-ақ шетелдік студенттерді тарту жұмыстарын күшейту қажет.

1.3. *Кәсіби және академиялық құзыреттерді дамыту*

Университет үшін пәндік олимпиадалар студенттердің білім сапасын арттыруға, талантты жастарды анықтауға және университеттің беделін көтеруге ықпал ететін маңызды құрал болып табылады.

Жыл сайын пәндік олимпиадаларға қатысуы қарқыны жоғарылап келеді. Тек ағымдағы жылдың өзінде пәндік ребпуликалық/халықаралық олимпиадаларда университет білім алушылары 25 жүлделі орынға ие болды.

Дегенмен, жекелеген білім беру бағдарламалары олимпиадаларға қатыспаған жағдайлар да бар, сондай-ақ студенттердің стартап және бизнес-жобаларға тартылу деңгейі төмен болып отыр.

2025-2026 жылдары университетке 100 Coursera лицензиясы берілді, платформаға 305 студент қосылды, олардың 299-ы кем дегенде бір курсты сәтті аяқтады, ал аяқталған курстардың жалпы саны 406 құрады.

Университет AI sana бағдарламасын сәтті жүзеге асыруда: білім алушылардың 99,8% - ы оның бірінші кезеңін аяқтады, 83 студент бағдарламаның үшінші кезеңіне қатысуға шақыру алды.

Студенттер "Ауыл" партиясы ұйымдастырған Hackathon 3.0-ге қатысты, студенттер қалалық инфрақұрылымға энергия тиімді және экологиялық тұрақты шешімдерді енгізуге бағытталған Energybike Park инновациялық жобасын ұсынды.

Университетте еңбек нарығымен байланысты нығайту мақсатында мастер-кластар, проблемалық және қонақ дәрістер, өндірістік экскурсиялар, ситуациялық ойындар секілді практикалық бағыттағы сабақтар ұйымдастырылады:

Жыл	Ашық сабақтар	Мастер-кластар	Әдістемелік семинарлар	Өндірістік экскурсиялар
2024-2025	202	36	76	27
2025-2026	212	24	67	27

Профессор-оқытушылар құрамының инновациялық және әдістемелік қызметін дамыту мақсатында оқу процесіне тиімді инновациялық әдістерді енгізуге бағытталған университетішілік «Үздік инновациялық әдістемелік шешім» байқауын өткізу ұсынылады.

1.4. *Кадрларды даярлау инфрақұрылымы және жұмысқа орналасу*

Университет студенттердің кәсіптік практикасы мен түлектерді жұмысқа орналастыру мақсатында өңірлік және республикалық білім беру ұйымдары және өндірістік кәсіпорындармен тығыз қарым-қатынас орнатылды; дуалды оқыту элементтерін қолдану бойынша 20 келісімшарт жасалып, сабақтар кестеге сай өткізіліп келеді. Қазіргі таңда 240 практика базасы мен 35 кафедра филиалы жұмыс істейді.

Қала және облыс ұйымдарымен бірқатар ынтымақтастық меморандумдарға қол қойылды.

№	жыл	Түлектер саны	Жұмысқа орналасқандардың жалпы саны	Жұмысқа орналастыру көрсеткіші, %
	2023 год	**2124**	**1338**	**63**
	2024 год	3122	2338	72,1
	2025 год	3764	2680	72,5
	2026 год	2580		

Түлектерді жұмысқа орналастыру жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі. 2025 жылы университетті 3764 түлек аяқтады, қазіргі таңда олардың 2680-і (72,1 %) жұмысқа орналасты. Түлектердің жұмысқа орналасу пайызы біліктілік талаптарында белгіленген шекті көрсеткішке сәйкес келетіндігін көрсетті.

Жалпы жұмысқа орналастыру деңгейі біліктілік талаптардағы шекті мәннен тұрақты түрде жоғары, ал педагогикалық ғылымдар мен құқық бағытында жұмысқа орналастыру деңгейі 60 %-дан асады. Жоғары жұмысқа орналасу көрсеткіштері 6В01201Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, 6В04501 Информатика, 6В11301 Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру; 6В04105 Есеп және аудит білім беру бағдарламаларында байқалады. Ал 6В02301 Аударма ісі; 6В03101 Психология ; 6В03201 Кітапхана ісі ; 6В07105Автоматтандыру және басқару ББББ бойынша жұмысқа орналасу деңгейі университеттің орташа көрсеткішінен төмен болып отыр.

Жыл сайын грант иегерлері уақытылы жұмысқа орналастырылып, мәліметтер «Қаржы орталығы» АҚ жүйесіне енгізіледі.

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін одан әрі арттыру мақсатында мансаптық сүйемелдеу жүйесін жетілдіру, Мансаптық даму орталығы мен Құзыреттер орталығын құру мүмкіндігін қарастыру, қосымша білім беру бағдарламаларын дамыту, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын әзірлеу және практикалық кейстерді енгізу барысында жұмыс берушілермен ынтымақтастықты кеңейту.

1.5. *Кадрлық қамтамасыз ету*

Мамандарды кәсіби дайындаудағы оқытушылардың ғылыми және педагогикалық біліктілігінің маңызы аса зор.

2023-2026 жылдар аралығында штаттық профессор-оқытушылар құрамы тұрақты деңгейде сақталып келеді (256–265 адам), 5 шетелдік мамандар жұмыс жасауда. Бұл университеттің кадрлық тұрақтылығының көрсеткіші. Штаттағы ғылыми дәрежесі бар оқытушылар 44,5%-ды құрайды.

2025-2026 оқу жылында университеттің конкурстық комиссия шешімі негізінде 130 оқытушы конкурс арқылы қабылданды. Кәсіби қызметке алғаш кіріскен педагогтарға тәжірибелі педагог-тәлімгерлер бекітілді.

	Барлығы, оның ішінде:	ғылым доктор-лары	ғылым кандидат-тары	PhD доктор лары	Магистр лер	Аға оқытушы лар	Оқытушы лар
Жалпы ПОҚ	400	16	94	19	159	103	9
Штаттық ПОҚ	256	14	89	11	96	37	9

Әр білім бағдарламасының кадрлық әлеуеті тиісті біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Әрбір білім беру бағдарламасы бойынша кадрлық құрамның кемінде 10 %-ы практик (тәжірибешіл) оқытушылардан тұрады.

«Атамекен» рейтингінің 2026 жылғы нәтижелері бойынша университетте студенттердің профессор-оқытушылар құрамына шаққандағы арақатынасы 1:40-ты құрайды, бұл республикалық орташа көрсеткіштен (1:20) айтарлықтай жоғары

Студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының оңтайлы арақатынасын қамтамасыз ету мақсатында профессор-оқытушылар құрамының санын кезең-кезеңімен арттыру және кадрлық жоспарлау тетіктерін жетілдіру ұсынылады.

Университеттің оқытушылары мен қызметкерлері біліктілікті арттыру бағдарламалары бойынша ғылыми тағылымдамалардан өтіп, тақырыптық және проблемалық семинарлар мен халықаралық конференцияларда қатысып келеді.

Кесте

	Біліктілікті арттырудан өткен ПОҚ саны	Оқытатын пәндерінің бейіні бойынша	Инклюзивті оқыту бойынша	Жасанды интеллект негіздері бойынша	Шетелдік тағылым дама
2022-2023	164	200			2
2023-2024	250	227	169	30	
2024-2025	232	192	88	92	3
2025-2026	247	181	63	115	3

ПОҚ кәсіби деңгейі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында университетте Педагогикалық шеберлік мектебі жұмыс істейді, жыл сайын «Сапа апталығы» өткізіліп, әдістемелік семинарлар, тренингтер және шеберлік сабақтары бекітілген кесте бойынша жүргізіліп келеді. Сондай-ақ қала мен облыс мектептері мұғалімдері үшін семинарлар ұйымдастырылады.

«Үздік оқытушы» байқауын иеленген қызметкерлер әзір жоқ, дегенмен қатысушылардың жинақты ұпай саны жыл сайын өсіп келеді.

№	Жылдар	Қатысушы ПОҚ саны	Жеңімпаздар саны
1	2022-2023	5	-
2	2023-2024	8	
3	2024-2025	4	
4	2025-2026	10	

«Үздік жоғары оқу орнының оқытушысы» конкурсына қатысу үшін, оның ішінде еңбек өтілі 15 жылдан аз жас оқытушылар арасынан үміткерлер резервін қалыптастырып, оларды жүйелі түрде даярлау және ынталандыру тетіктерін енгізу ұсынылады.

1.6. *Оқу-әдістемелік басылымдар және оқу процесін кітапханалық қамтамасыз ету*

Университетте оқу сапасын арттыру, цифрлық құзыреттілікті дамыту және студенттер мен оқытушылардың кәсіби дағдыларын қалыптастыру мақсатында инновациялық білім беру технологиялары енгізілуде.

Университеттің видеотекасында мыңнан аса бейнедәріс бар, бірақ олардың барлығы бірдей пәндердің толық курсын қамтиды деп айта алмаймыз. Сондықтан бұл бағытта жұмыстануымыз қажет.

Университеттің өзінің МООК 2 платформасы болғанымен, әзірге бірде-бір толық аяқталған курс жүктелген жоқ.

Университеттің негізгі бағыттарының бірі — білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға қажетті өз оқулықтарын, оқу-әдістемелік құралдары мен монографияларын әзірлеу және шығару

	Барлығы басылып шығарылды	ISBN нөмерімен	РОӘК ОӘБ грифімен	Бейне дәрістер
2022-2023	150	40	-	59
2023-2024	100	35	2	128
2024-2025	102	21	4	742
2025-2026	131	59	5	904

2025–2026 оқу жылында 131 басылым шығарылды, оның 59-і ISBN желісінде тіркелген, 5-і РОӘК ОӘБ (УМО РУМС) белгілерімен жарияланды. Оқытушылардың ғылыми-әдістемелік белсенділігі жоғары.

Қазіргі білім беру және ғылыми ресурстарға қолжетімділікті кеңейту мақсатында университет жетекші отандық және шетелдік ұйымдармен ынтымақтастық орнатып, кітапхана қорларын бірлесіп пайдалану туралы келісімдер жасады.

	Сатып алу көлемі, теңге
2022-2023	4 521 200
2023-2024	16 181 022
2024-2025	21 406 221
2025-2026	21 252 000

2025-2026 оқу жылында қаржыландыру деңгейі 21 252 000 теңгені құрады, бұл кітапхана қорын жаңарту мүмкіндігіміздің жоғары екендігінің көрсеткіші. Университеттің оқу және оқу-әдістемелік әдебиет қоры 693 100

дананы құрайды. Құны 11 млн теңгеден асатын «Барыс» автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйесі енгізілді.

Білім беру бағдарламалардың пәндері мемлекеттік және орыс тілдеріндегі баспа және электрондық форматтағы оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілген. Алайда жаңа білім беру бағдарламаларын осындай деңгейде қамту жұмысын жалғастыруымыз керек.

Профессор-оқытушылар құрамының инновациялық және әдістемелік қызметін дамыту мақсатында білім беру үдерісіне тиімді инновациялық әдістерді енгізуге бағытталған университетішілік «Үздік инновациялық әдістемелік шешім» байқауын өткізу және жеңімпаздарды ынталандыру үшін сыйақы қорына қажетті бюджетті қарастыру ұсынылады.

2.ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫС

2.1. Өткен оқу жылында университеттің штаттық профессор-оқытушылар құрамының саны - 264 адам құрады. Ғылыми кадрлардың жас құрамына келсек, ғылыми дәрежесі бар 115 оқытушының ішінде 40 жасқа дейінгі жас ғалымдар саны небәрі 3 адам. Ал 61 жастан асқан оқытушылар саны - 65 адам, яғни олардың үлесі 56 пайыздан асады.

Осыған байланысты ағымдағы оқу жылында институт директорлары мен кафедра меңгерушілері тек магистратура түлектерін жұмысқа қабылдаумен шектелмей, ғылыми дәрежесі бар дайын мамандарды тартуға ерекше назар аударуы қажет. Сонымен қатар мақсатты докторантура (целевой грант) арқылы кадрлар даярлау жалғастыру қажет.

Бұл қадам аға буын тәжірибесі мен жас зерттеушілер әлеуетін ұштастыруға, ғылыми мектептердің сабақтастығын сақтауға, сондай-ақ екі институтта да ғылыми дәрежелілік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

2.2. Соңғы үш жылда университет өзінің ғылыми-кадрлық әлеуетін едәуір нығайтып келеді. Негізгі басым бағыттардың бірі – университеттің өз кадрлық резервін қалыптастыру.

2024 жылдан бастап мақсатты грант есебінен докторантураға 35 оқытушы қабылданды. Бүгінде докторантурада мақсатты және жалпы гранттар бойынша 40 жас оқытушы білім алуда. Сонымен қатар 11 аспирант пен 2 ізденуші диссертациялық жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Нақты нәтижелер де бар. Соңғы үш жылда 3 оқытушы кандидаттық диссертациясын қорғады, олардың екеуі нострификациядан өтті. 2026 жылы - 2 оқытушы PhD дәрежесін алды. Биыл тағы 4 оқытушы, 1 аспирант және 1 ізденуші диссертация қорғауға дайындалып жатыр. Осылайша, біз университеттің өз кадрлық резервін жүйелі түрде қалыптастырып, оның ғылыми әлеуетін одан әрі дамытуға негіз жасап келеміз.

Студенттердің университетішілік олимпиадалар мен байқауларға қатысу белсенділігі артқанымен, республикалық ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурстары мен олимпиадаларындағы жүлдегерлер саны 91 адамнан 73 адамға дейін төмендеді.

Осыған байланысты кафедраларға студенттердің ғылыми үйірмелерінің жұмысын күшейту міндеті қойылды. Студенттердің ғылыми жобаларды іске асыруға қатысуын кеңейтуге, сондай-ақ оларды ғылыми конкурстар мен олимпиадаларға сапалы дайындауға ерекше көңіл бөлінуде. Студенттердің белсенділігін арттыру және олардың халықаралық және республикалық конкурстарға қатысуын көбейту үшін студенттердің іссапар шығындарын қаржылай қолдау мәселесін де қарастыруды ұсынамыз.

Университетте жас ғалымдардың ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті ұйымдастыратын гранттық бағдарламаларға қатысуына, Scopus және Web of Science базаларына кіретін басылымдарда мақала жариялауына, сондай-ақ диссертациялық зерттеулерін аяқтауына мүмкіндік беретін постдокторантура ашылды.

Қазірдің өзінде екі жас қызметкер «Жас ғалым» конкурсына өтінім берді. Постдокторантура барлық жас мамандар үшін қолжетімді және 40 жасқа дейінгі мамандардың осы бағдарламаға қатысуының міндетті шарты болып табылады.

2.3. 2024 жылы 1 жоба іске асырылса, 2025 жылы университет ғалымдары гранттық қаржыландыру аясындағы 2 жобаны сәтті аяқтады. Сонымен қатар бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясындағы 2 жоба бойынша жұмыс жалғасуда.

Өңір кәсіпорындарымен жасалған шаруашылық шарттардың саны 18-ден 32-ге дейін өсті.

Министрліктің ғылыми жобалар конкурстарына 19 өтінім берілді. Оның ішінде 16 өтінім - Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру конкурсына, 1 өтінім - «Жас ғалым» конкурсына, 2 өтінім – «Молодой ученый» конкурсына берілді. Сонымен қатар Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің конкурсына 20 жоба дайындалды.

Биыл қолданыстағы бағдарламалық-нысаналы жобалардың мерзімі аяқталуына байланысты кафедралар мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамадан өтпеген өтінімдер бойынша берілген ескертулерді ескеруі қажет. Анықталған кемшіліктерді жойып, жаңа жобалардың сапасын арттыру керек.

Сонымен бірге университеттің әрбір білім беру бағдарламасы бойынша кемінде бір қолданыстағы шаруашылық шарттың болуын қамтамасыз ету қажет.

2.4. Есепті кезеңде Scopus және Web of Science базаларындағы Q1-Q2 деңгейлі журналдарда жарияланымдары бар оқытушылардың саны 24-тен 34 адамға дейін өсті.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Комитеті ұсынған басылымдарда мақала жариялаған авторлардың саны 53-тен 82 адамға дейін артты.

Патенттер мен авторлық құқық туралы куәліктердің саны да екі есеге жуық өсіп, 18-ден 35-ке жетті.

Сонымен бірге бұл бағытта әлі де айтарлықтай өсу мүмкіндігі бар. Q1-Q2 журналдарында ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың тек 29,5 пайызы ғана

жарияланып жүр. Ал Комитет ұсынған басылымдарда жарияланатындардың үлесі - 71,3 пайыз.

Осыған байланысты оқытушылар мен кафедралар үшін KPI жүйесін енгізуді және оның көрсеткіштерін жеке еңбек шарттарында бекітуді ұсынамыз. Бұл көрсеткіштер жоғары оқу орындарының Ұлттық рейтингі индикаторларына сәйкес белгіленуі қажет.

Бір жылдан астам еңбек өтілі бар оқытушылар үшін 3-5 жылға арналған нақты мақсатты көрсеткіштер белгілеу ұсынылады: Бес жыл ішінде - Scopus немесе Web of Science базаларындағы Q1-Q2 журналдарында кемінде 1 мақала және 1 патент; Үш жыл ішінде - Ғылым комитеті ұсынған басылымдарда кемінде 1 мақала, Қазақстанның немесе шетелдің жоғары оқу орындарымен және ғылыми ұйымдарымен бірлескен кемінде 1 жарияланым, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдармен бірлескен кемінде 1 жарияланым болуы қажет. Ал кафедралар үшін жыл сайын студенттермен бірлесіп кемінде 1 патент немесе авторлық құқық туралы куәлік алу міндетін белгілеу ұсынылады. Сондай-ақ, институттар мен кафедра басшыларына даму жоспарларын министрлік талаптары мен Ұлттық рейтинг көрсеткіштерін ескере отырып жаңарту тапсырылды.

2.5. Жеке атап өткім келетіні - университет халықаралық ынтымақтастықты айтарлықтай күшейтіп келеді.

Бүгінде халықаралық келісімдер портфелінде 60 серіктестік бар. Оның 52-сі - шетелдік жоғары оқу орындарымен, 8-і - ғылыми ұйымдармен жасалған келісімдер. Есепті оқу жылында 8 ынтымақтастық жоспары және 4 бірлескен жоба іске асырылды. Ал ағымдағы оқу жылы басталғалы бері 12 бірлескен ғылыми жоба іске қосылды.

Шетелдік студенттерді тарту бағытында да нақты нәтиже бар. Есепті кезеңде олардың саны үш есеге жуық өсіп, 38-ден 112 адамға жетті.

Негізінен тек Ресей Федерациясымен ынтымақтастықтың едәуір көлемі сақталып отырғандықтан, есепті жылы Швейцария, Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстанның жоғары оқу орындарымен жұмыс басталды. Негізгі бағыттар - академиялық ұтқырлық, тағылымдамалар және бірлескен білім беру бағдарламалары. Халықаралық ынтымақтастық бойынша алдымызда тұрған міндет - Орталық Азия және алыс шетелдердегі жоғары оқу орындарымен серіктестікті кеңейту. Бұл ретте Ұлттық рейтинг көрсеткіштерін ескере отырып, сұранысқа ие бағыттар бойынша бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыруға басымдық беру қажет.

2.6. Халықаралық қызметтің нәтижелерін талдау университеттің бұл бағыттағы позициясының нығайып келе жатқанын көрсетеді.

Шетелден шақырылған ғалымдардың саны 16-дан 23-ке дейін өсті. Шетелдік академиялық ұтқырлыққа қатысатын оқытушылардың саны 11-ден 19 адамға дейін артты.

Келуші студенттердің академиялық ұтқырлығы да үш есеге жуық өсіп, 44-тен 139 адамға жетті. Ал шетелге шығатын студенттердің саны тұрақты деңгейде қалып, 54 студентті құрады.

Қазіргі уақытта 3 бірлескен білім беру бағдарламасы іске асырылуда. Оның 2-еуі - бакалавриат, 1-еуі - мамандандыру бағдарламасы. Бұл бағдарламаларда 248 студент білім алуда.

Жаңа оқу жылында кафедралар барлық магистранттардың шетелдік тағылымдамалардан өтуін қамтамасыз етуі қажет. Бұл халықаралық ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге және академиялық ұтқырлықтың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, университет ғылыми және халықаралық қызмет бағыттарында тұрақты оң динамика көрсетіп отыр.

Алға қойылған міндеттерді жүйелі түрде іске асыру университеттің ғылыми әлеуетін нығайтуға және халықаралық деңгейдегі позициясын одан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

Ең бастысы - бұл міндеттерді орындау үшін бүкіл ұжымның бірлескен, үйлесімді және жауапты жұмысы қажет.

3.ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Тәрбие жұмысының мақсаты: Білім мазмұнын жаңарту жағдайында жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысы университеттің даму стратегиясына, Тәрбие жұмысының тұжырымдамасына, Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Қазіргі заман талабына сай рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, құқықтық, кәсіптік, мәдени-эстетикалық тәрбие бағыттары бойынша соңғы жылдары өсу динамикасы айқын байқалады.

Студенттік топтардағы эдвайзерлардың жұмысын ұйымдастыру, университеттің студенттік жатақханаларында тәрбие жұмыстарын жүргізу, тәртіп, кезекшілік пен ішкі ережелерді таныстыру жұмыстары үнемі Тәрбие ісі жөніндегі проректордың тікелей қадағалауында.

Университетте тәрбие жұмысы студенттік қоғамдастықтағы әлеуметтік мұраттар мен құндылықтарды шоғырландыруға бағытталған.

Университетімізде қызмет ететін Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі департаментке жастар ісі жөніндегі комитет, 2 институт студенттік декандары, 2 студенттік жатақхананың студенттік декандары, Қазақстан Студенттері Альянсы, Қазақстан халықтар БҚИТУ еріктілері, Көңілді тапқырлар клубы (КТК), «Барыс» спорт клубы, «Жастар Рухы» жастар қанатының мүшелері кіреді.

Жастардың мәдени және демалыс орталығы сияқты студенттік өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ, студенттер ғылыми қоғамының секциялары, клубтар жүйесі, көркемөнерпаздар үйірмесі, «Ару» би ансамблі т.б. тәрізді үйірмелермен қатар, «БҚИТУ» КТК құрама командасы, «Линкольн Дуглас» пікір-талас клубы, «Алаштану» үйірмесі, спорттық секциялар студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытып, оларды жан-жақты дамуы мен тәрбиеленулеріне қызмет етуде.

3.1. Министр Саясат Нұрбек айтуы бойынша Студенттер үшін оқу жылының басында маңызды *мәселелердің бірі – жатақхана* мәселесі.

Осы бағыта Университетімізде Жәңгір хан 43А мен Құрманғазы 177А мекен жайларында орналасқан 2 жатақхана бар.

Барлық талаптарға сай келетін студенттер үйілері (63 және 102 орындық) қолданыста, онда биылғы оқу жылында 160 студент тұрды. Ғылым және білім министрлігінің талабына сай студенттер үйіне бірінші кезекте шетелден, басқа аймақтан келген жастар мен көпбалалы немесе аз қамтылған отбасыдан шыққан және әлеуметтік жағдайы төмен студенттер орналастырылды.

Студенттер үйінде тұратын студенттердің барлық мәселелерінің шешімін табу мақсатында арнайы студенттік декан сайланады. Олар студенттерді студенттер үйіне орналастырумен және іс-шараларды ұйымдастырумен айналысады. Студенттік үйлерінде сымсыз Wi-Fi ғаламтор желісіне қолжетімділік бар. Студенттер үйінде тұруға, оқуға және демалуға барлық жағдай жасалған. Дей түрғанмен жылдан-жылға университетімізге оқуға түсетін студент жастардын саны өсуіне байланысты, және аймағымыздың барлық ауданынан сұранысқа ие студенттерді орналастыруға студенттер үйінде орын саны жеткіліксіз.

Студенттердің өзін-өзі басқаруына жетекшілік ету мен мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыру, өткізу тікелей Тәрбие жұмыстары және әлеуметтәк жұмыстар департаменті және жастар ісі жөніндегі комитетке жүктелген.

Оқу жылының басында институт директорларының қызметтік жазба негізінде университет бойынша оқу жылына эдвайзерлер құрамы бекітіледі. 2024-2025 оқу жылына 148 академиялық топта 91 эдвайзер жұмыс жасаса, 2025-2026 оқу жылына 192 академиялық топқа 75 эдвайзер бекітілді.

Тәрбие және әлеуметтік жұмысы жөніндегі институт бойынша жауапты департамент басшылары топ эдвайзерлермен бірлесіп тәрбие жұмысының бекітілген жылдық жоспарға сәйкес әр бағытта жұмыстарын атқарды (нашақорлық, діни экстремизм, лудомания, харассмент, боулинг және т.б.). Эдвайзерлердің жұмысын талдау нәтижесінде кураторлық сағаттар әр дайым өткізілгенін көрсетеді.

Университеттің әлеуметтік саясаты студенттерді қолдау бойынша шаралар кешенін жүзеге асыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда студенттерге әлемдік стандарттар негізінде білім бере отырып, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу – ұстаз алдындағы үлкен міндет. *Бүгінгі* таңда, жастар арасында суицид, харассмент пен *буллинг* еліміз үшін түйткілді әрі шешімі қиын мәселе қатарында тұр.

Елімізде балалар мен жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылық, *буллинг*, *суицид мәселелері* көкейтесті мәселелердің біріне айналып, өкінішке орай күнен-күнге өсуіп келеді.

Осы бағытта Ғылым және жоғары білім министрлігі 2 000 студенттен асатын оқу орындарында жоқ дегенде 4арнайы психолог маман мен әлеуметтік қызметкер штатта болуы тиіс деген ұсыныстары бар. Осыған орай биылғы оқу жылында университетке 2 психолог жұмысқа қабылданып, жыл бойы студент жастармен стрессті жеңуге, ішкі жанжалдарды шешуге, өзін-өзі тануға және

өмірлік қиындықтардан шығуға кәсіби тұрғыда бағыт-бағдар беріп, эмоциялық қолдау көрсету, диагностика бағыттары бойынша қарқынды жұмыстар жүргізілді. БҚО әкімдігі ББ «Облыстық әдістемелік психологиялық қолдау орталығы» КММ-нің басшысы Л.С.Есенова және Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің ректоры Б.Т.Шакешев өзара тиімді әріптестік мақсатымен меморандумды жасады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында 2025–2026 оқу жылында университетте 75 іс-шара (кездесулер, дөңгелек үстелдер, қонақ дәрістері, тәрбие сағаттары) ұйымдастырылды. Аталған іс-шаралардың 11-і республикалық және облыстық телеарналарда кеңінен жарияланып, қоғам назарына ұсынылды. Бұл жұмыстар жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, заң үстемдігі қағидаттарын дәріптеуге және азаматтық жауапкершілігін арттыруға өз үлесін қосты.

Бүгінгі күні елімізде кенінен жайт алған: буллинг, харассмент, нашақорлық, суицид, абьюзмент, кибербуллинг, скулшутинг, газлайтинг, стигма сияқты жастар арасында таралып отырған зиянды да қауіпті қатерлермен күресу және алдын алу шаралары арнайы мамандар шақыруымен ұйымдастырылып жатыр.

Университет бойынша комплаенс қызметі жұмыс жасауда. Салалық технологиялар институтында арнайы маман – комплаенс офицері, заң ғылымдары-ның кандидаты, қауымдастырылған профессор Рахметов Талғат Хасанұлы «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының құқықтық сауаттылығын арттыруға, академиялық адалдық қағидаттарын дәріптеуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруда.

ҰСЫНЫСТАР:

- Студент жастарды форум, слеттерге іс-сапарларға қаржыландыру мақсатында, үздік студент байқауын, университет деңгейінде мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастыру бағытында тәрбие секторына жылдық қаражат қорын тағайындау;
- Толеранттылықты, шешендік шеберлікті, логиканы, сыни ойлауды және жастардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуды жүзеге асыратын студенттердің Пікір-сайыс клубын қолдау және университет көлемінде көбейтуге жұмыстану.
- Институттар бойынша Жастар ісі жөніндегі төрағаларға жалақы тағайындау.
- Студент жастардың кәсіби және тұлғалық дамуын қолдау мақсатында оларды республикалық жастар форумдарына, түрлі сайыстарға, ауқымды семинарлар мен тренингтерге тәжірибе алмасу, жаңа білім мен дағдыларды меңгеру бағытында кеңінен қатыстыру қажет. Осы мақсатта олардың жол жүру, тұру және қатысу шығындарын қаржыландыруға

жан-жақты қолдау көрсетіп, мұндай іс-шараларға қатысу мүмкіндігін арттыру маңызды.

- Студент жастарға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында «Қазақстанның киелі жерлеріне студенттік аймақтық экспедиция» мемлекеттік тұжырымдамасы аясында белсенді студенттерді, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан жастарды, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерді, сондай-ақ мүгедектігі бар білім алушыларды қысқы және жазғы демалыс кезеңдерінде еліміздің тарихи-мәдени және туристік маңызы бар өңірлеріне танымдық-экскурсиялық турларға қатыстыру қажет. Осы мақсатта жол жүру, тұру, тамақтану және экскурсиялық қызметтерге жұмсалатын шығындарды университет тарапынан аясында қаржыландыру тетіктерін қарастыру ұсынылады. Мысалы, Маңғыстау облысындағы тарихи-мәдени ескерткіштерге, Бурабай–Көкшетау өңіріне және еліміздің басқа да киелі әрі туристік нысандарына танымдық сапарлар ұйымдастыру.
- Өткен жылмен салыстырғанда эдвайзерлердің саны азайып кеткен. Ұсыныс ретінде эдвайзерлер жұмысын күшейту мақсатында үлкен топтарды екіге бөліп топ эдвайзерлер әр біреуіне тағайындау немесе жауапты, тәжірибесі мөл оқытушыларды сол топтарға бекіту.

4. СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

4.1. Университеттің даму стратегиясы және құрылымы

Университеттің негізгі стратегиялық құжаты — 2023–2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасы - жоғары оқу орындарына қойылатын біліктілік талаптарын ескере отырып бекітіліп, өзектендірілді. Осылайша, университеттің мақсаттары мен оларды іске асыру тетіктері жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметіне қойылатын қолданыстағы талаптарға сәйкестендірілді.

Бағдарлама үш стратегиялық бағытты, он бір мақсатты, жиырма үш міндетті және алпыс алты индикаторды қамтиды. Яғни нақты көрсеткіштер бойынша қол жеткізілуі тиіс нәтижелер айқындалған.

Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу үшін университет жыл сайын өзінің ұйымдық құрылымын қайта қарап, жаңартып отырады. Қазіргі уақытта екі институттың құрамында он үш кафедра, төрт департамент, төрт басқарма, жиырма бөлім және жеті орталық жұмыс істейді. Сонымен қатар университетте кітапхана, архив, спорт клубы және агроинновациялық парк қызмет атқарады.

ҰСЫНЫС: Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық жоспарларын Даму бағдарламасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуді ескере отырып әзірлеу және бекіту. Белгіленген

көрсеткіштердің орындалуына тұрақты мониторинг жүргізуді қамтамасыз етуіміс қажет.

4.2. Сапаны қамтамасыз етудің сыртқы жүйесі

Университет қызметінің сапасын сыртқы бағалау, ең алдымен, институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу арқылы жүзеге асырылады. ARQA Аккредиттеу кеңесінің 2024 жылғы 11 желтоқсандағы шешімімен Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті жеті жыл мерзімге аккредиттелді.

2022–2025 жылдар аралығында университет институционалдық аккредиттеудің бір рәсімінен, білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеудің алты рәсімінен және аккредиттеуден кейінгі мониторингтің бес рәсімінен өтті. Университеттің елу жеті білім беру бағдарламасының қырық жетісі, яғни 82,46 пайызы бес жыл мерзімге аккредиттелген.

Білім беру бағдарламаларын аккредиттеумен қамту аясын кеңейту жұмыстары жалғасуда. Бір білім беру бағдарламасын аккредиттеу 2026 жылғы қазан айына, тағы сегіз бағдарламаны аккредиттеу 2026 жылғы қараша айына жоспарланған. Сондай-ақ қараша айында он екі білім беру бағдарламасы бойынша аккредиттеуден кейінгі мониторинг өткізу жоспарланды.

Сонымен қатар университет халықаралық рейтингтерге қатысуды жоспарлап отыр. QS Asia өңірлік рейтингісіне және UI GreenMetric дүниежүзілік университеттер рейтингісіне тіркелу және қатысу үшін өтінім жолданды.

ҰСЫНЫС: Университетті аккредиттеуге және оның ұлттық және халықаралық рейтингтерге қатысуына жауапты құрылымдық бөлімшелер тиісті дайындық жұмыстарын жүргізуі тиіс.

4.3. Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі

Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі қызметті нормативтік тұрғыдан сүйемелдеуді, ішкі аудитті және негізгі мүдделі тараптардан жүйелі түрде кері байланыс алуды қамтиды.

Ішкі нормативтік-құқықтық құжаттар пакеті үнемі толықтырылып, жаңартылып отырады. Құжаттар пакеті қазіргі таңда жүз отыз бір атаудан тұрады. Оның ішінде құрылымдық бөлімшелер туралы отыз үш ереже және қызметтің жекелеген бағыттарын реттейтін тоқсан сегіз ереже бар.

Институттардың академиялық сапа жөніндегі комитеттері құрылымдық бөлімшелер істерінің номенклатурасына ішкі аудит жүргізіп, құрылымдық өзгерістерге байланысты жаңадан құрылған және қайта ұйымдастырылған бөлімшелер туралы ережелер, сондай-ақ олардың қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары әзірленіп, бекітілді.

Ішкі бағалаудың тағы бір маңызды құралы — негізгі мүдделі тараптар арасында сауалнама жүргізу. Студенттер мен магистранттарды сауалнамамен

қамту көрсеткіші оқу жылдары бойынша өзгеріп отырды. 2023–2024 оқу жылында сауалнамаға 1 042 білім алушы, 2024–2025 оқу жылында 3 450 білім алушы, ал 2025–2026 оқу жылында 2 431 респондент қатысты. Алынған нәтижелер білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейін бағалау және басқарушылық шешімдерді қажет ететін мәселелерді анықтау үшін пайдаланылады.

4.4. Жасанды интеллектіні енгізу және білім беруді цифрландыру

Жұмыстың жеке бағыты басқару және білім беру үдерістерін цифрландырумен байланысты. 2023–2024 оқу жылынан бастап университеттің ішкі және сыртқы іс қағаздарын жүргізу жұмыстары «Документолог» платформасы арқылы жүзеге асырылуда. Бұл құжаттардың бірыңғай цифрлық қозғалысын қамтамасыз етіп, орындаушылық тәртіпті бақылауға мүмкіндік беріп отыр.

Есептеу ресурстарын күшейту мақсатында HP Enterprise DL380 Gen10 Plus сервері сатып алынды. Ол «Платонус 6.0» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі мен білім беру порталының тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге арналған. Сервер Intel Xeon Silver процессорымен, көлемі 128 гигабайт жедел жадпен, сондай-ақ заманауи деректерді сақтау және желіге қосылу жүйесімен жабдықталған.

AI-SANA жобасы аясында жасанды интеллект агенттерін әзірлеу және енгізу жөніндегі жол картасы бекітіліп, 5 жасанды интеллект агентінің кейс-паспорттары дайындалды. Бес агенттің үшеуі әзірленіп, университеттің сайтына орналастырылды. Олар сабақ кестесін құру, кеңес беру, академиялық жұмыстарды тексеру, талапкерлерді қабылдау және студенттерге қолдау көрсетуге байланысты нақты міндеттерді шешуге бағытталған.

Цифрлық шешімдерді әзірлеумен қатар, университет пайдаланушылардың құзыреттерін де дамытып келеді. 2025–2026 оқу жылында алты оқытушы-куратор мен 252 студент жасанды интеллектімен жұмыс істеу дағдыларына арналған AI-SANA бағдарламасының екінші кезеңінен өтті. Ағымдағы 2026–2027 оқу жылында 77 студент бағдарламаның үшінші кезеңінде оқуын жалғастырады.

Қорытындылай келе, университет басқару жүйесін жүйелі түрде жетілдіріп, сапаны сыртқы және ішкі бағалауды қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингтерге қатысу аясын кеңейтіп және цифрлық құралдарды енгізіп отырғанын атап өткім келеді.

Алдағы кезеңде білім беру бағдарламаларын аккредиттеу жоспарын орындауға, мүдделі тараптардан алынған кері байланысты талдауға, QS Asia және UI GreenMetric рейтингтеріне қатысуға, сондай-ақ жасанды интеллект агенттерін одан әрі енгізуге және студенттер мен оқытушыларды жасанды интеллектімен жұмыс істеуге даярлауға басымдық беріледі.

ҰСЫНЫС: Әрбір құрылымдық бөлімшеге бөлімше қызметінің бағыттарын оңтайлы ұйымдастыру мақсатында жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін агентті әзірлеу және енгізу ұсынылады

ҚОРЫТЫНДЫ:

Жалпы алғанда, 2025–2026 оқу жылы университет үшін тұрақты даму және оң динамика кезеңі болды.

Білім алушылар контингенті мен мемлекеттік гранттар саны өсті, білім сапасы жақсарды, ғылыми жобалар мен жарияланымдар саны артты, халықаралық байланыстар кеңейді, цифрландыру мен жасанды интеллектіні енгізу бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізілді.

Сонымен бірге алдағы кезеңде бірнеше стратегиялық міндетке басымдық беруіміз қажет:

- білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының жаңа талаптарына бейімдеу;
- жасанды интеллект пен цифрлық құзыреттерді барлық білім беру бағдарламаларына енгізу;
- профессор-оқытушылар құрамының санын және ғылыми әлеуетін арттыру;
- жас ғалымдар мен ғылыми кадрлардың резервін қалыптастыру;
- Scopus және Web of Science базаларындағы сапалы жарияланымдарды көбейту;
- студенттердің ғылыми, олимпиадалық және стартаптық белсенділігін арттыру;
- түлектердің жұмысқа орналасуын және мансаптық сүйемелдеуін күшейту;
- халықаралық серіктестіктер мен бірлескен білім беру бағдарламаларын кеңейту;
- тәрбие және әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру;
- университеттің ұлттық және халықаралық рейтингтердегі көрсеткіштерін жақсарту;
- әрбір құрылымдық бөлімшенің жұмысына жасанды интеллект құралдарын енгізу.

Бұл міндеттердің барлығын бір ғана құрылымның күшімен орындау мүмкін емес. Университеттің одан әрі дамуы – профессор-оқытушылар құрамының, қызметкерлердің, студенттердің және басқару командасының бірлескен, үйлесімді және жауапты жұмысына байланысты.

БҚИТУ Ректоры Б.Т.Шакешев